

ОӘЖ 03.02.01

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДІҢ ФЛОРАСЫ МЕН ФАУНАСЫН ОҚЫТУДА ӨЛКЕЛІК КОМПОНЕНТТІ ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Насырова С.А.

*магистрант, «7M01505-Биология» білім беру бағдарламасы, Жаратылыстану
факультеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан*

Ғылыми жетекші: Махамбетов М.Ж., , PhD доктор, доцент

Мақалада мектеп оқушыларына жергілікті жердің флорасы мен фаунасын білудің маңызы және оны оқытуда өлкелік компоненттерді биология пәнін оқытуда факультатив сабақ ретінде енгізу қажеттілігі сипатталған. Арал ауданы жалпы білім беретін орта мектептерде білім алушылардың білім деңгейі бағаланып, аталған тақырып бойынша зерттеу жұмыстары жүргізіліп, эксперимент оң нәтижесін көрсетті.

Кілт сөздер: флора, фауна, өлкелік компонент, оқу үдерісі, т.б.

Қазіргі заман талабына сәйкес білім беру жүйесінің өзгерістерін ескеріп, білім алушыларды жаңа инновациялық технологиялардың қарыштаған кезінде жан-жақты дамыған тұлға ретінде дайындауда жалпы білім беретін мектептердің алатын орны ерекше. Оның ішінде білім беретін пәндік мұғалімдер мен оқушылармен жұмыс жасайтын барлық дерлік педагог мамандардың күзiреттілігі жоғары, жоғары біліктілігі бар, білімді және беретін пәннің негізгі маманы болғаны аса маңызды.

Осы сұрақ турасында білім алушыларға берілетін мәліметтер тек пәндік кітаптардың маңайында ғана емес, қосымша маңызды деп табылатын материалдармен де қамтамасыз етілгені абзал болады. Айта кететін болсақ, биология пәнін оқытуда білім алушылардың тек теориялық материалдарды игеріп қана қоймай, практикалық тұрғыда алған білімді игергені және оны жүзеге асырғаны өте маңызды болады. Білім алушыларды түрлі жарыстарға, олимпиадаларға немесе бірыңғай тестілеуге дайындау кезінде де қалдық білімнің ойнайтын рөлі зор болады. Сондықтан да білім алушыларда биология пәнін оқыту кезінде өсімдіктер мен жануарларды зерттеу кезінде кітаптағы мәліметке қосымша өз өлкесінің флорасы мен фаунасын білгені, танығаны және жалпы мәліметті есінде сақтағаны маңызды деп санаймыз.

Сол себепті білім беретін жалпы орта мектептерде биология пәніне қосымша факультатив сабақ ретінде жергілікті жердің флорасы мен фаунасын зерттеуде өлкелік компоненттерді қосу және оларды жүйелі түрде оқыту маңызды деп есептейміз. Біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігі де осында, білім алушылардың өз өлкесінде өсетін өсімдіктерді тани алғаны және фауна жүйесімен де толық таныс болғаны білім беруді жеңілдетіп, тереңдете түседі.

Зерттеу жұмысы негізінде Арал ауданының флорасы мен фаунасы зерттеліп, алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізілді. Толықтай дерлік қандай өсімдіктер мен жануарлардың түрлері мекендейтіндігі туралы мәліметтер жинақталып, анализ жасалды. Зерттеу объектісі ретінде Арал ауданының жалпы білім беретін орта мектептері (№220, №75, №74, №82) алынды. Аталған төрт мектептен де 7 сынып оқушылары таңдалып, сауалнама жүргізілді.

№220 мектепте 7 сынып оқушыларының саны – 133 болса, №75 мектепте – 17, №74 мектепте – 18, ал №82 мектепте 41 оқушы зерттеу жұмысына қатыстырылды.


Білім алушылардың барлығына алдын-ала жүргізілетін зерттеу жұмысы бойынша түсіндірме материалдар таратылып, пән оқытушылары хабардар етілді. Толықтай дерлік мәліметпен қамтамасыз етілген соң білім алушыларға 5 сұрақтан тұратын сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың құрылымы төмендегідей болды:

1. Сізге биология пәні ұнайды ма?
2. Сіз өз туған өлкеңізде қандай өсімдіктер мен жануарлар мекен ететінін білесіз бе?
3. Арал өңіріндегі Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлар туралы білесіз бе?
4. Туған өлкеңіздің өсімдіктер және жануарлар әлемімен танысуға қызығушылық танытасыз ба?
5. Мектебіңізде өлкеңіздегі әртүрлі жануарлар мен өсімдіктерді зерттейтін үйірме немесе факультатив сабақ енгізілгенін қалайсыз ба?

Аталған сұрақтарға тек үш нұсқада: «иә», «жоқ», «жауап беруге қиналамын» жауаптары берілді. Білім алушыларда сауалнама кезінде сұрақтармен қиындық болмады.

Сауалнама нәтижесінде білім алушылардың өңірдегі флора мен фауна туралы мәліметтерді білетінін, бірақ практика жүзінде қай өсімдіктің атауы қандай екенін айырып түстей алмайтындығы анықталды. Нәтиже төменде диаграммада көрсетілгендей болды (1-сурет).

Нәтижеге сүйенсек, білім алушылардың көпшілігі білім беру барысында тек кітап пен оқулықтарда берілген материалмен ғана шектелетіндігін, сонымен бірге өз өлкелік флорасы туралы мәліметтердің білім беру жұмыстарына енгізілмейтіндігін және қарапайым түрде бір өсімдікті көргенде оның қандай түрге жататынын анықтап білу қиын екендігін көрсетті.



1-сурет.

Осы сауалнамадан соң эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізіп, білім алушылармен толықтай дерлік барлық мәліметтермен бөлісуді, оның ішінде оңтайлы түрде бөлісуді шештік.


Яғни зерттеу жұмысы барысында аталған жалпы білім беретін мектептердің ішінде бір мектепті (№82 жалпы білім беретін орта мектеп) таңдап, сол білім ордасының 7 сынып оқушыларымен жұмыс жасадық. 7 сыныптың «а» (21 оқушы) және «б» (20 оқушы) сыныптары бірігіп жалпы саны 41 оқушыны құрады.

7 «а» сыныбы бақылау сыныбы болып танылып, биология пәнін оқыту дәстүрлі форматта жалғастырылып жүргізіле берді, ал 7 «б» сыныбы эксперимент сынып болып таңдалып, білім беру барысына факультатив, яғни қосымша сабақ ретінде өлкелік компоненттерді тану мақсатында жергілікті жердің флорасы мен фаунасын зерттеу педагогтармен бірігіп жүргізілді.

Сабақ барысында дәстүрлі білім беру форматындағыдай тек теориялық мәліметтерді беріп, оны жаттанды кері байланыс түрінде сұрау ғана емес, түрлі эксперименттік жұмыста, гербарийлер жинақтау, мектептің өз гербарий қорымен танысу, білім алушыларды өз бетімен гербарий жасау ға машықтандыру, өсімдіктерді түр, туыс, тұқымдасқа бөле отырып өз бетімен тануға үйрету басты мақсат болды. Бұдан бөлек білім алушылармен бірге таным-жорықтар жасалды, бұл аталған жұмыстарды жүргізу кезінде түрлі өсімдіктер жамылғысымен танысып, оқушылардың танданысы байқалды. Өлке фаунасын зерттеу кезінде энциклопедиялық кітаптар, теориялық мәліметтер, сонымен қатар түрлі муляждар көмектесті.

Әр сабақты тек осындай теориялық жұмыс түрінде емес, өз бетілік жұмыстарды қоса отырып қызықты етіп жүргіздік. Жалпы зерттеу жұмысы 1 айға созылып, білім алушылардың білім деңгейін де тексеруге мүмкіндік алдық.

Бастапқы уақытта алынған сауалнама негізінде көптеген оқушылардың өлкелік жергілікті флора мен фаунаны толық білмейтіндігі анықталса, бір айлық эксперименттік зерттеу жұмыстарынан кейін қайталап алынған сауалнама кезінде білім алушылардың көзқарастары өзгеріп, білімдері толыққанын төмендегі диаграмма түрінде берілген зерттеудің анализінен байқауға болады (2-сурет):




2-сурет.

Бұл диаграммадан біз білім алушылардың таным жорық кезінде және гербарий жасақтап, оны жинақтау кезінде өсімдіктер мен жануарларды тани алды ма немесе тани алмады ма сұрақтарына жауап берді. Білім алушылардың өлкелік компоненттерді зерттеу кезінде көрсеткен бұл нәтижесі біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін арттырды. Себебі оқушылар қарапайым Қызыл кіапқа енген өсімдіктерді де тануда қиындықтар басында туындаған еді, аталған эксперименттік зерттеу жұмыстарынан кейін олардың таным көкжиектері кеңейіп, арта түсті.

Осы зерттеу турасында бұл тек білім алушылардың материалмен қалай жұмыс жасап, оны қалай меңгергендігі туралы ғана емес, сонымен бірге олардың білім сапасы мен үлгерім деңгейінің де өзгеруіне, өсуіне алып келді.

Тарау соңында біз қорытынды тестілеу, білім деңгейін бағалау жүргізген болатынбыз.



3-сурет.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай (3-сурет) білім алушылардың салыстырмалы түрде ақпаратты меңгеруі жоғарылағанын, және бұл өз кезегінде білім деңгейін жоғарылатып, үлгерімнің жақсаруына алып келгенін көре аламыз. Яғни эксперименттік сынып ретінде таңдалған 7 «б» сыныбының бастапқы үлгерімі мен сапа деңгейі 52%-ды құраса, тарау соңында жүргізілген бағалау жұмыстарында оның үлгерімі 58%-ға дейін өскенін көре аламыз. Бұл өз кезегінде оқушылардың сабаққа қызығушылығын, қосымша мәліметтерді зерттеуге деген ынтасын жоғарылатуға көп септігін тигізді.

Қорытындылай келе, білім алушылардың өз өлкесінің флорасы мен фаунасы білуі және оны тануы маңызды деп есептей отырып, білім беретін жалпы орта мектептерде осындай факультатив сабақтарын енгізу маңызды деп айта кету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрғызарынов А.М., Шапшанов Қ.Ш. Арал өңірінің экологиясы. – Қызылорда: 1996.
2. Герасимов И.П., Марков К.К. Четвертичная геология. – М.: Учпедгиз, 1939.
3. Гидрометеорология и гидрохимия морей СССР – Л.: Гидрометеоздат, Т. 7, Аральское море. – 1990. – 195 с.
4. Горшков П.П., Якушова А.Ф. Общая геология. – М.: МГУ, 1962. – 113 с.
5. Нургизаринов А.М. Экологическое дыхание Арала (каз. яз) – Алматы: Ғылым, 2006. – С. 26-75.
6. Регулирование реки Сырдарьи и Северного Аральского моря. (РРССАМ-проект) – Алматы: КазГипроводхоз, 1998.
7. Федорович Б.А. Древние реки в пустынях Турана. / Материалы по четвертичному периоду СССР – М.: АН СССР, Вып. 3. – 1952.
8. Nurgizarinov A.M., Tapalova A.S., Nazarov E.A., Sharipova A.Z. New data on the ecology of the Northern Aral Sea after the construction of the first Kokaral dam on the Berg Strait. // Life Science Journal. – 2014. – 11(5s). –P. 296-299.

МЕТОДИКА ВНЕДРЕНИЯ КРАЕВОГО КОМПОНЕНТА В УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС ПРИ ОБУЧЕНИИ ШКОЛЬНИКОВ ФЛОРЕ И ФАУНЕ МЕСТНОСТИ

Насырова С.А.

В статье описывается значение для школьников знания флоры и фауны местности и необходимость включения краевых компонентов в ее преподавание в качестве факультативных занятий по биологии. В общеобразовательных школах Аральского района был оценен уровень образования обучающихся, проведены исследовательские работы по данной теме, и эксперимент показал положительный результат.

Ключевые слова: флора, фауна, краевая составляющая, учебный процесс и др.

METHODOLOGY OF INTRODUCING THE REGIONAL COMPONENT INTO THE EDUCATIONAL PROCESS WHEN TEACHING SCHOOLCHILDREN ABOUT THE FLORA AND FAUNA OF THE AREA

Nassyrova S.A.

The article describes the importance for schoolchildren of knowledge of the flora and fauna of the area and the need to include regional components in its teaching as optional biology classes. In the general education schools of the Aral region, the level of education of students was assessed, research was conducted on this topic, and the experiment showed a positive result.

Keywords: flora, fauna, regional component, educational process, etc.

REFERENCES

1. Nurgyzarynov A.M., Shapshanov K.Sh. Ecology of Aral ares.- Kyzylorda: 1996. [in Kazakh]
2. Gerasimov I. P., Markov K.K. Quaternary geology. - Moscow: Uchpedgiz, 1939. [in Russian]
3. Hydrometeorology and Hydrochemistry - L.: Gidrometeoizdat, Vol. 7, Aral sea. - 1990. - 195 p. [in Russian]
4. Gorshkov P. P., Yakushova A. F. General Geology. - M.: MU, 1962. - 113 p. [in Russian]
5. Nurgizarinov A. M. Ecological breath of the Aral Sea. - Almaty: Gylym, 2006. - 26-75 pp. [in Kazakh]
6. Regulation of the Syrdarya River and the Northern Aral Sea.. (RRSSAM - project) - Almaty: Kazgiprovodkhoz, 1998. [in Russian]
7. Fedorovich B.A. Ancient rivers in the deserts of Turan. / Materials on the Quaternary Period of the USSR - M.: USSR Academy of Sciences, Vyp. 3. - 1952. [in Russian]
8. Nurgizarinov A.M., Tapalova A.S., Nazarov E.A., Sharipova A.Z. New data on the ecology of the Northern Aral Sea after the construction of the first Kokaral dam on the Berg Strait. // Life Science Journal. – 2014. – 11(5s). –P. 296-299.